

## Жеке тұтынушыларға атаулы көмек беру қағидаларын бекіту туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 маусымдағы № 703 қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 196 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 03.04.2015 № 196 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

«Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 9-бабының 10-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жеке тұтынушыларға атаулы көмек беру қағидалары **б е к і т і л с і н .**

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

|                         |                                  |
|-------------------------|----------------------------------|
| <i>Премьер-Министрі</i> | <i>Қазақстан Республикасының</i> |
|                         | <i>К. Мәсімов</i>                |
| Қазақстан               | Республикасы                     |
| Үкіметінің              |                                  |
| 2014 жылғы              | 26 маусымдағы                    |
| № 703                   | қаулысымен                       |
| бекітілген              |                                  |

## Жеке тұтынушыларға атаулы көмек беру қағидалары

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Жеке тұтынушыларға атаулы көмек беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және жеке тұтынушыларға жаңартылатын энергия көздерін пайдалану қондырғыларын сатып алуға атаулы көмек беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жеке тұтынушыларға атаулы көмек (бұдан әрі – атаулы көмек) – жеке тұтынушылардың қазақстандық өндірушілерден жаңартылатын энергия көздерін пайдалану қондырғыларын сатып алуға жұмсалатын шығындарының бір бөлігін

м е м л е к е т т і ң

ө т е у і ;

2) электр және (немесе) жылу энергиясын жеке тұтынушы (бұдан әрі – жеке тұтынушы) – орталықтандырылған электрмен жабдықтау экономикалық жағынан орынсыз, электрлендірілмеген елді мекендерде және (немесе) қоныстарда автономды режимде жұмыс істейтін жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісінен электр және (немесе) жылу энергиясын тұтынатын жеке т ұ л ғ а ;

3) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану қондырғылары – (бұдан әрі – ЖЭК қондырғылары) – жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр және (немесе) жылу энергиясын өндіруге арналған техникалық қ ұ р ы л ғ ы л а р ;

4) уәкілетті орган – жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ор т а л ы қ а т қ а р у ш ы о р г а н ;

5) қазақстандық өндірушілер – Қазақстан Республикасының резиденттері б о л ы п т а б ы л а т ы н ж әне :

Кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасында толық өндірілген ретінде ай қ ы н д а л а т ы н т а у а р л а р д ы ;

Кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында жеткілікті қайта өңдеу критерийлеріне сәйкес Қазақстан Республикасында жеткілікті қайта өңдеуге ұшыраған ретінде айқындалатын тауарларды өндіретін жеке және (немесе) заңды тұлғалар;

б) құрылымдық бөлімше – энергетика, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі іс-шараларға басшылықты және оларды іске асыруды жүзеге асыратын ауданның жергілікті атқарушы органының құрылымдық бөлімшесі.

3. Мемлекет жеке тұтынушыларға осы Қағидаларда айқындалатын тәртіппен жиынтық қуаты бес киловаттан аспайтын жаңартылатын энергия көздерін пайдалану қондырғылары құнының елу пайызы мөлшерінде атаулы көмек береді. Атаулы көмек жаңартылатын энергия көздерін пайдалану қондырғысы пайдалануға берілгеннен кейін төленеді.

4. Атаулы көмек беру үшін ауданның жергілікті атқарушы органының (бұдан әрі – ауданның ЖАО) шешімімен құрамында облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының, аудан әкімдігінің, ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімдерінің, қоғамдық ұйымдардың өкілдері бар комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрылады.

Құрылымдық бөлімше комиссияның жұмыс органы болып табылады.

## 2. Жеке тұтынушыларға атаулы көмек беру тәртібі

5. Атаулы көмек алу үшін жеке тұтынушылар ЖЭК қондырғысы пайдалануға берілгеннен кейін екі апта мерзімде құрылымдық бөлімшеге мынадай құжаттар ұсынады :

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атаулы көмек алуға өтініш ;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың және (немесе) дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың (куәліктің) көшірмесі;

3) сенімхат (жеке тұтынушының құжаттарын басқа жеке тұлға ұсынған жағдайда) көшірмесі ;

4) жеке тұтынушының қазақстандық өндірушімен жасалған өтініште көрсетілген ЖЭК қондырғыларын сатып алуға шарттың көшірмесі;

5) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініште көрсетілген ЖЭК қондырғыларын пайдалануға қабылдау туралы акті;

6) нөмірін көрсете отырып, екінші деңгейдегі банктерде немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымда жеке шотының бар екені туралы екі данада анықтама .

6. Құрылымдық бөлімше :

1) үш жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарды тексереді және комиссияның қарауына енгізеді .

2) ЖЭК қондырғыларының қондырғыларды пайдалануға қабылдау актілерінде көрсетілген қондырғылар параметрлеріне сәйкес келуін көзбен шолып тексеру мақсатында жеті жұмыс күні ішінде комиссия мүшелерінің елді мекендерге және (немесе) қоныстарға баруын ұйымдастырады .

7. Комиссия тексеріп қарау қорытындылары бойынша үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жиынтық қуаты 5 кВт аспайтын ЖЭК қондырғыларын тексеріп қарау актісін (бұдан әрі – тексеріп қарау жасайды) .

Тексеріп қарау актісі екі данада жасалады, жеке тұтынушыға және комиссияға бір данадан .

8. Комиссия тексеріп қарау актісінің және жеке тұтынушы ұсынған құжаттар негізінде үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЖЭК қондырғыларын сатып алуға атаулы көмек беру туралы қорытындыны (бұдан әрі – қорытынды) жасайды және оны құрылымдық бөлімшеге ұсынады .

9. Комиссияның қорытындысына ЖЭК қондырғыларын тексеріп қарауды және жеке тұтынушыға тиесілі атаулы көмектің сомасын есептеуді жүргізген комиссия мүшелері қол қояды, аудан әкімі бекітеді, сондай-ақ ауданның мөрімен

к у ә л а н д ы р а д ы .

Комиссияның қорытындысы үш данада жасалады:

1-ші, 2-ші даналар – ауданның ЖАО үшін;

3-ші дана – жеке тұтынушы үшін.

10. Егер Комиссияның қорытындылары бойынша жеке тұтынушыларға берілетін төлемдер сомасы бөлінген бюджеттік қаражаттың көлемінен асып түсетін жағдайда, комиссияның қарауына бұрын түскен жеке тұтынушылардың өтінімдері басым тәртіппен қанағаттандырылады.

11. Құрылымдық бөлімше комиссия қорытындыларының негізінде үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке тұтынушылардың атаулы көмек алатын тізімін қалыптастырады және аудан әкіміне бекітуге ұсынады.

12. Ауданның ЖАО атаулы көмек төлеуді өзі таңдаған екінші деңгейдегі банктегі немесе банк операцияларының тиісті түрлеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымдағы жеке шотының деректемелері көрсетілген өтінішінің негізінде алушының таңдауы бойынша екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының тиісті түрлеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйым арқылы он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

13. ЖЭК қондырғылырын сатып алуға бөлінген атаулы көмек туралы ақпарат тиісті жылғы 31 желтоқсаннан кешіктірмей, ауданның ЖАО интернет-ресурстарында жылына бір рет орналастырылады.

Жеке тұтынушыларға атаулы көмек беру қағидаларына 1-қосымша

## **Атаулы көмек алуға**

### **өтінім**

«Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес менің

---

(өтінім берушінің ТАӘ, өтінім берушінің ЖСН, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері) казакстандық өндірушіден төменде көрсетілген, \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ мекенжайында

( м е к е н ж а й д ы к ө р с е т у )

орналасқан жиынтық қуаты 5 кВт-қа дейін жаңартылатын энергия көздерін пайдалану қондырғыларын (бұдан әрі – ЖЭК қондырғысы) сатып алуыма байланысты, маған атаулы көмек беруіңізді сұраймын:

| Р/с № | Ж Э К қондырғыларын қазақстандық өндірушінің атауы | Зауыттық нөмірі көрсетілген ЖЭК қондырғыларының атауы | Ж Э К қондырғысының қуаты, кВт | Ж Э К қондырғысының құны, теңге | Өтелетін болжамды сома, теңге | Ж Э К қондырғысының нормативтік пайдаланудың мерзімі (жыл) |
|-------|--|---|--------------------------------|---------------------------------|-------------------------------|--|
| 1     | 2  | 3   | 4                              | 5                               | 6                             | 7  |
|       |  |   |                                |                                 |                               |  |
|       | Жиыны:   |   |                                |                                 |                               |  |

Барлық берілген құжаттар мен ақпараттың шынайылығына кепілдік беремін.

Атаулы көмек сомасын төлеуді мынадай деректемелер бойынша жүргізуді сұраймын:

Алушы (ТАӘ не тұтынушының атауы): \_\_\_\_\_;

Алушының ЖСН немесе БСН: \_\_\_\_\_;

Банктік шоттың немесе банк операцияларының тиісті түрлеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымдағы жеке шотының № : \_\_\_\_\_;

Банктің немесе банк операцияларының тиісті түрлеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымның атауы: \_\_\_\_\_;

Банктің немесе банк операцияларының тиісті түрлеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымның жеке коды: \_\_\_\_\_

Осы өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:  
(қоса берілетін құжаттардың тізімі)

ТАӘ Қолы Күні  
Жеке тұтынушыларға атаулы  
көмек беру қағидаларына  
2-қосымша

### Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану қондырғысын пайдалануға қабылдау туралы акті

20\_\_ жылғы «\_\_» №\_\_\_\_\_

1. \_\_\_\_\_  
облыс, аудан, елді мекен және /немесе қоныс, көше,

\_\_\_\_\_ мекенжайы бойынша  
\_\_\_\_\_ (үйдің нөмірі)  
орналасқан жаңартылатын энергия көздерін пайдалану қондырғысы (бұдан әрі – ЖЭК қондырғысы) \_\_\_\_\_ пайдалануға қабылдауға ұсынылды.

2. ЖЭК қондырғысы сатып алынған қазақстандық өндірушінің атауы: \_\_\_\_\_

3. ЖЭК қондырғысын пайдалануға беру жұмыстарының басқа түрлерін орындаған \_\_\_\_\_ ұйымдардың атауы: \_\_\_\_\_

(ұйымдардың атауы, әрбір ұйым орындаған жұмыстардың түрлері)

4. Құрылыс-монтаждау жұмыстары мына мерзімде жүзеге асырылды: жұмыстардың басталуы \_\_\_\_\_; жұмыстардың аяқталуы \_\_\_\_\_

5. Іске қосу-баптау жұмыстары мына мерзімде жүзеге асырылды: жұмыстардың басталуы \_\_\_\_\_; жұмыстардың аяқталуы \_\_\_\_\_  
(айы, жылы) (айы және жылы)

6. Пайдалануға беруге ұсынылған ЖЭК қондырғысы мынадай деректермен \_\_\_\_\_ сипатталады: \_\_\_\_\_

(оны орналастыру, негізгі материалдары мен конструкциялары, \_\_\_\_\_

технологиялық жабдықталуы бойынша қысқаша техникалық сипаттамалар)

7. Энергиямен жабдықтаудың сыртқы коммуникациялары ЖЭК қондырғысының қалыпты пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

8. Ш е ш і м :

Қабылдануға ұсынылған ЖЭК қондырғысы \_\_\_\_\_  
(ЖЭК қондырғысының атауы)

ПАЙДАЛАНУҒА

Қ А Б Ы Л Д А Н Д Ы .

Өндірушінің өкілі: \_\_\_\_\_  
(ТАӘ, қолы, күні, мөрі)

Жұмыстардың басқа түрлерінің жауапты орындаушылары \_\_\_\_\_

(ТАӘ, қолдары, күні, мөрі)  
Ж е к е т ұ т ы н у ш ы :

(ТАӘ, қолы, мөрі)

Жеке тұтынушыларға атаулы  
көмек беру қағидаларына

3-қосымша

**Жеке тұтынушыны электрмен жабдықтауды қамтамасыз ететін  
жаңартылатын энергия көздерін пайдалану қондырғыларын  
тексеріп қарау актісі**

20\_\_жылғы «\_\_»

№ \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ мекенжайы бойынша  
(елді мекеннің және (немесе) қоныстың атауы)

Біз, төменде қол қоюшылар, комиссия төрағасы:

\_\_\_\_\_ ( л а у а з ы м ы , Т А Ә )  
к о м и с с и я м ү ш е л е р і :

\_\_\_\_\_ ( л а у а з ы м ы , Т А Ә )

\_\_\_\_\_ ( л а у а з ы м ы , Т А Ә )

\_\_\_\_\_ ( л а у а з ы м ы , Т А Ә )  
бір тараптан және жеке тұтынушы \_\_\_\_\_ екінші  
( Т А Ә )

тараптан мынадай жаңартылатын энергия көздерін пайдалану  
қондырғыларына (бұдан әрі – ЖЭК қондырғысы) көзбен шолып тексеру  
жүргізілгені туралы осы актіні жасадық:

ЖЭК қондырғысын қазақстандық өндірушінің атауы: \_\_\_\_\_

ЖЭК қондырғысының атауы \_\_\_\_\_

зауыттық нөмірі \_\_\_\_\_ қуаты \_\_\_\_\_ кВт,

ЖЭК қондырғысының атауы \_\_\_\_\_

зауыттық нөмірі \_\_\_\_\_ қуаты \_\_\_\_\_ кВт.

Көзбен шолып тексеру барысында жоғарыда көрсетілген ЖЭК  
қондырғыларының шын мәнінде орнатылғаны, пайдалануға берілгені және  
жұмыс істейтіні белгіленді.

К о м и с с и я т ө р а ғ а с ы :

\_\_\_\_\_ ( л а у а з ы м ы , Т А Ә )  
к о м и с с и я м ү ш е л е р і :

\_\_\_\_\_ ( л а у а з ы м ы , Т А Ә )

\_\_\_\_\_ ( л а у а з ы м ы , Т А Ә )

(ТАӘ, қолы, мөрі)

Ж е к е т ұ т ы н у ш ы л а р ғ а а т а у л ы  
к ө м е к б е р у қ а ғ и д а л а р ы н а  
4-қосымша  
« Б е к і т е м і н »

( о б л ы с т ы ң а т а у ы )  
а у д а н ы н ы ң ә к і м і

(ТАӘ, мөрі)

**Жеке тұтынушыға жаңартылатын энергия көздерін пайдалану  
қондырғыларын сатып алуға атаулы көмек беру туралы  
қорытынды**

№ \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ к ү н і

(жаңартылатын энергия көздерін пайдалану қондырғыларының (бұдан әрі  
– ЖЭК қондырғылары) орналасқан жері, оның ішінде елді мекеннің және  
(немесе) қоныстың атауы)

(кім құрған, ауданның ЖАО атауы, күні, комиссия құрамы туралы  
құрылған, шешімнің нөмірі)

құрамында төраға: \_\_\_\_\_

(ТАӘ, атқаратын лауазымы және жұмыс орны)  
және комиссия мүшелері:

\_\_\_\_\_ бар

(ТАӘ, атқаратын лауазымы және жұмыс орны)

комиссия қаралған құжаттардың нәтижелері бойынша: \_\_\_\_\_  
(құжаттар тізбесі келтіріледі)

және ЖЭК қондырғысын тексеріп қарау нәтижелері бойынша жасалған



комиссия актісінің негізінде \_\_\_\_\_  
(қарап тексеру жүргізілген күн мен

\_\_\_\_\_ қондырғыны тексеріп қарау актісінен алынған қорытынды келтіріледі)  
мынадай \_\_\_\_\_ қорытынды \_\_\_\_\_ қабылдады:

\_\_\_\_\_ (атаулы көмекті төлеудің ұсыным берілетін сомасын көрсете отырып,  
\_\_\_\_\_ комиссия қабылдаған қорытындының негіздемесі келтіріледі)

Қ о р ы т ы н д ы ғ а қ о с ы м ш а :

- 1) қаралған құжаттардың тізбесі
- 2) ЖЭК қондырғыларын тексеріп қарау актісі
- 3) атаулы көмек төлемі сомасының есебі

\_\_\_\_\_ К о м и с с и я т ө р а ғ а с ы :

\_\_\_\_\_ ( қ о л ы )

\_\_\_\_\_ ( Т А Ә )

\_\_\_\_\_ к о м и с с и я м ү ш е л е р і :

\_\_\_\_\_ ( қ о л ы )

\_\_\_\_\_ ( Т А Ә )

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (ТАӘ)

Жеке \_\_\_\_\_ тұтынушыларға \_\_\_\_\_ атаулы  
көмек беру \_\_\_\_\_ қағидаларына  
5-қосымша  
« Б е к і т е м і н »

-----  
( о б л ы с т ы ң

\_\_\_\_\_ а т а у ы )

----- ауданының

\_\_\_\_\_ әкімі

-----  
(ТАӘ, мөрі)

**Атаулы көмек алатын жеке тұтынушылардың тізімі**

**(жаңартылатын энергия көздерін пайдалану қондырғылары құнының 50  
%-ын өтеу үшін)**

|   |   |  |  |  |                      |                   |
|---|---|--|--|--|----------------------|-------------------|
| Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану қондырғыларының | Ж Э К қондырғысы орналасқан елді мекеннің |  |  |  | Бюджеттік қаражаттың | 20__ ж. «_» _____ |
|---|---|--|--|--|----------------------|-------------------|

| атауы (бұдан әрі – ЖЭК қондырғысы) | және/ немесе қоныстың атауы | Ж е к е тұтынушының ТАӨ | Ж Э К қондырғысының қуаты, кВт | Ж Э К қондырғысының құны, теңге | тиесілі сомасы, теңге | төленуге тиіс, теңге |
|------------------------------------|-----------------------------|-------------------------|--------------------------------|---------------------------------|-----------------------|----------------------|
| 1                                  | 2                           | 3                       | 4                              | 5                               | 6                     | 7                    |
|                                    |                             |                         |                                |                                 |                       |                      |
|                                    |                             |                         |                                |                                 |                       |                      |
| Жиыны:                             |                             |                         |                                |                                 |                       |                      |

Төленетін сома \_\_\_\_\_ (цифрлармен) \_\_\_\_\_ (жазбаша) теңге.

\_\_\_\_\_ ауданының құрылымдық бөлімшесінің басшысы \_\_\_\_\_

( Т А Ә , қ о л ы )

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_  
(ТАӘ, қолы)